

Шидемов А.Г.
**Экстремизм ұғымының
теоретикалық негіздері**

Экстремизмнің халықаралық сипаттағы қоғамға қауіпті қылмыстардың түрі болып табылатыны ескерілді, көптеген ұлттар мен конфессиялар ауызбіршілігін сақтап отырған еліміз үшін де бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырғандығы айтылды. Экстремизммен күресте қауіпті құбылыстың заңнамада берілген анықтамасына тоқталды. Анықтамадағы жіберілген кемшіліктер айтылды. Экстремизм анықтамасына ғылыми тұрғыдан теоретикалық талдау жүргізілді. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің әртүрлі ой-тұжырымдарына саралау жүргізіліп, нәтижесінде экстремизм терминінің анықтамасына автор өз тарапынан ұсыным енгізді.

Түйін сөздер: экстремизм, терроризм, радикализм, фундаментализм, идеологиялық құбылыс.

Shidemov A.G.
**The theoretical basis of the
concept of extremism**

Taking into account the international nature of the crime is a menace to society of extremism, and says many nationalities and faiths to maintain unity for the country to become its a major topic of the day. Focused on the definition of a dangerous phenomenon for the legislation in the fight against extremism. Help pointed out mistakes. Scientific analysis of the theoretical definition of extremism. Kazakhstan and foreign researchers as a result of a variety of thoughts and conclusions of the analysis carried out by the definition of the term extremism, he made a recommendation.

Key words: extremism, terrorism, radicalism, fundamentalism, ideological phenomenon.

Шидемов А.Г.
**Теоретические основы
понятия экстремизма**

Экстремизм учитывается как общественно опасный вид преступления международного характера и на сегодняшний день является актуальной проблемой для нашей страны, которая сохранила единство многих национальностей и конфессии. Раскрываются допущенные недостатки определения. Проводится с научной точки зрения теоретический анализ определения экстремизма. Проводится анализ различных мнений казахстанских и зарубежных исследователей, в итоге автором внесено предложение по определению термина «экстремизм».

Ключевые слова: экстремизм, терроризм, радикализм, фундаментализм, идеологическое явление.

ЭКСТРЕМИЗМ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі таңда экстремизм әлем елдері үшін жаңа мыңжылдықта мемлекеттердің қауіпсіздігін сақтап қалуда үлкен кедергі келтіретін ауқымды мәселе болып отыр. Экстремизмнің халықаралық сипаттағы қоғамға қауіпті қылмыстардың түрі болып табылатынын ескере кетсек, көптеген ұлттар мен конфессиялар ауызбіршілігін сақтап отырған еліміз үшін де бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Елбасымыз Қазақстан халқына арналған «Қазақстан-2050» атты жолдауында «Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне біртұтас шеп құруға тиіс» деп мемлекет пен қоғамды экстремизмге қарсы бас қосып, қарсы тұруға шақырды [1].

Кез келген мәселені қарастыру барысында, пайда болу себептері мен мағынасын түсіну арқылы ғана онымен күрес жүргізудің тиімді әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз еліміз қылмыспен күреске бағытталған заңдары ішінде экстремизм мәселесінің мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкіндігін ескере отырып, «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» заңын қабылдады.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» заңының пайдаланылатын негізгі ұғымдар атты 1 бабында экстремизм:

– «жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

– жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

– нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

– діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» деп анықтама берген [2]. Осылайша еліміздің заңшығарушылары экстремизмнің түсінігіне заңнамалық тұрғыдан анықтама берді.

А.Б. Скаков заңда экстремизмнің әдебиеттерде атап көрсеткендей, нысандарын бөліп қарастыру, шындығына келгенде «таза» күйінде шығып жүрмейді дейді. Мәселен, ұлттық экстремизм барлық кезде өзінде саяси, кейде тіпті жиі динидің элементтерін қамтып жүреді деп заңның анықтамасындағы кемшіліктерді көрсетті [3].

Бізде осы кемшіліктермен толықтай келісеміз. Яғни экстремизм тек қана саяси, ұлттық және діни идеологиялық бағытты ұстанып қана жүріп, мемлекетпен заңда тыйым салынған әрекеттерді жасау деп санау қателік болар еді. Себебі экстремизмнің теориялық тұрғыдан идеологиялық көзқарас бойынша бөліп қарастырудағы үш түрін (ұлттық, саяси және діни) заңнамада көрсету экстремизм барлық түрлерін ашып көрсетпейді.

Сонымен қатар берілген анықтамада экстремизм анықтамасы толық ашып көрсетілмеген, себебі экстремизм экстремистік бірлестік немесе ұйым атынан ғана жеке және заңды тұлғаның немесе жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің әрекет жасауы деп санау толық мағынасын ашпайды. Әрекет пен құбылысты бір санатқа қою экстремизм туралы түсінік бойынша танымдық түсінікте шатастыруға әкеледі. Осы арада А.Д. Дарменовтің аталған заңның анықтамасындағы кемшіліктерді өз еңбегінде «экстремизм» біріншіден әлеуметтік құбылыс, ол «ұйымдастыру немесе жасау» яғни «әрекет» емес. Егер де құбылыс әрекеттің туындауына себепкер болса, онда ол «экстремистік қызмет». Барлық ұқсастықтарға қарамастан біріншісі әлеуметтік-саяси құбылыс, екіншісі кез келген субъектілердің біріншіге тәуелділігіне қарамастан шеткі әрекеттерді көрсетуді сипатайды, оларды түсініктік айырмашылықтар бойынша ғана емес,

сонымен қатар кейіннен қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және басқа да қосымша аспектілер арқылы ғана экстремизмнің алдын алуда араластыруға болмайды деп айтып кеткенін ескермей кетпеуге болмайды [4].

Осының барлығы экстремизмге нормативтік құқықтық актілерімізде анықтама беруіміз қосымша тағы да өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді қажет ететіндігін көрсетіп отыр.

Ең алдымен қазіргі таңда қазақстандық қоғамда экстремизмді терроризм түсінігімен шатастырып алу мәселесі өткір болып тұр. Оған себеп көптеген ғылыми әдебиет беттерінде терроризмді экстремизммен байланыстырып жататындығынан болып отыр.

Терроризммен қарсы күресте мемлекет-аралық ынтымақтастықтың болуы мен көптеген халықаралық құжаттамаларда көрініс табуы терроризм көлеңкесінде экстремизм мәселесінің қалып қоюына әкелді. Ендігі жерде «терроризм» мен «экстремизм» ұқсастықтарына көңіл аударсақ. Әдебиеттерде, оларға синонимдес, мағыналары ұқсас ұғымдар ретінде баға беріледі.

Біріншіден, сөздіктерге назар аударсақ, терроризм мен экстремизм ұғымдарының ара-жігін жіктеуде С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведова сөздігі экстремизм – бұл соңғы көзқарастарды қолдануға бейімділік деп көрсетеді [5].

Саяси түсіндірме сөздікте «экстремизм (фр.*extremisme*, лат.*extremus*) – «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) – жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы этаптары болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда деп көрсетілген [6].

Исламдық энциклопедиялық анықтамалықта «грек жұрнағымен аяқталатын «экстремизм» деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, қандай да бір белгіленген шектен тыс кету деген мағына береді. «*Экстремизм*» сөзінің ең жақын синонимі «*радикализм*». Бұл сөз

де жанама түрде мейлі дінде, мінез-құлықта, пікірде болсын, қалыпты, дұрыс деп қабылданған деңгейден ауытқу. Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді» деп көрсетілген [7].

Шетел сөздерінің сөздігінде (лат.*extremus*–*шеткі*) – 1) шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану, мәселен, саясатта; 2) болашақта мейірімді және ізгі мақсатқа жетудегі қажеттілікпен ақталатын террор зорлығы, «шеткі шара» адамгершілікке жатпайтын саясат деген мағына беріп кетеді [8].

Заңнамалық тұрғыда халықаралық құжаттарға көңіл аударсақ, экстремизм анықтамасы «терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясында» көрініс тапты.

15 маусым 2001 жылы «терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» заңның 1 бабының 3 тармақшасында ««экстремизм» – билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге пара-пар қоғамдық қауіпсіздікке күшпен озбырлық жасауға бағытталған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы жасақтарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу» деп анықтама берілген [9].

Ресей зерттеушілерінің еңбектеріне жүгінетін болсақ:

Белгілі Ресей зерттеушісі В.Устиновтың терроризм мен экстремизмді зерттеу барысындағы жинаған мәліметтері бойынша экстремизм – саяси күрес бойынша шеткі нысандардың жиынтығын құрайтын әлеуметтік-саяси феномен. Соның бір нысаны ретінде терроризм болып табылады дегенге келеді [10].

В.Я.Кикотя мен Н.Д.Эриашвили еңбектерінде терроризм мағынасы бойынша экстремизмнің бір бөлігі, себебі саяси мақсатқа жету үшін экстремизмнің қатал әдістерін өзіне жинаған, сол арқылы мемлекеттік органдарды биліктен кетірудің бар физикалық мүмкіндіктерін пайдалану, қоғам немесе саяси қайраткерлерді және бейбіт тұрғындарды өлтіру, материалдық объектілерді жою (дүрліктіру, биліктің параллельді құрамдарын құру, ультиматумдар қою, азаматтық бас иеушілік шараларын ұйымдастыру, конституциялық органдарға қарулы қарсылық көрсету) сынды әрекеттерді жасауы атап көрсетті [11].

Терроризм мен экстремизм ара-жігін анықтау мәселесінде Ресей зерттеушілерімен бірдей пікірлес болған қазақстандық авторлардың анықтамаларына назар аударсақ:

Н.М. Абдиров фундаментализм мен экстремизм бір-бірімен тығыз байланыста. Екіншісі біріншісінің дамуының көрінісі. Өзінің шеткі нысандарында діни фундаментализм экстремизм болып жатады. Осы мағынада діни экстремизм – діни фундаменталистік көзқарасқа сәйкес әлемді қайта тұрғызуға талпынуда шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану. Экстремизм терроризмнің пайда болуына негіз болатын соңғы қадам болып табылады деп есептейді [12].

Ал Е. Тукумов өзі берген анықтамасында өткір әрекеттер мен қауіптілік деңгейін ескере отырып, келесідей өсу реті бойынша логикалық тұрғыдан байланысы бар түсініктерді ұсынуға болады: радикализм – экстремизм – терроризм. Сонымен қатар терроризм экстремизмнен өсіп өнеді, мағынасы бойынша терроризм экстремизмнің бөлігі болып табылады, себебі ол саяси мақсаттарға жетуде экстремизмнің өте қатал әдістерін бойына жинаған деп тұжырымдайды [13].

А.Ж. Шпекбаев экстремистік теория ұсынған идеяларға жетуде кез келген амалдарды ақтап шығады, терроризм экстремистік идеологиямен негізделеді... терроризм мен экстремизм бір-біріне болуы мүмкін емес деген ойда [14].

С.У. Дикаев пен Н.Н. Турецкий экстремизм – тәжірибе көрсеткендей ұлттық, сепаратистік және діни ұранды ұстанып жүрген экстремистік ұйымдардың террористік болып кетіп жатады. Кейде соңғылары экстремистік ұйымдардың мүддесі үшін террорлық қызметте машықтанған өкілдігі ретінде біріншісін өзіне арқау етіп алуы әбден мүмкін. Бұндай жағдайда терроризмді экстремизмнің шеткі жағдайдағы нысаны ретінде қарастыруға болады деген ой келтірді [15].

Экстремизм мәселесінде еңбектер жазған А.Д. Дарменов экстремизм түсінігі мазмұны бойынша терроризм түсінігінен кең мағына береді, себебі террорлық актілер экстремистік ұйымдар алдына қойған саяси мақсаттарға қол жеткізеді. Экстремизм кез келген идеологияның, зорлық әрекеттерін қолданудың теоретикалық негіздерін қамтиды, алайда дәлелі көбінесе бұнда қоршаған орта туралы рационалдық емес эмоционалдық ұсынымдарға негізделеді. Терроризм көп жағдайларда экстремистік идеологияға сүйенген әрекеттер жүйесін құрайды. Бірақ экстремизм теоретикалық тұжырымды сүйреумен ғана шектелмейді. Мақсаттарға же-

туге бағытталған жиі-жиі мәжбүрлі түрдегі нақты әрекеттерді жасауды білдіреді. Терроризм қоғамның әлеуметтік саяси өміріндегі жарқын және әрекетшіл көрінісін білдіретін экстремизмнің маңызды құрамы болып келеді деген қорытынды түйді [4].

Жоғарыда аталған қазақстандық және ресейлік авторлар еңбектерінде ізденушіні экстремизм мен терроризм өзара бөлек құбылыстар ретінде мүлдем қарауға болмайтындығы туралы тұжырымға әкеледі. Яғни, экстремизм жалпы қоғамда қалыптасқан жағдайларға, мемлекетпен бекітілген нормалар мен ережелерге бас иеушіліктің шектен шыққан құбылысы. Ал терроризмді экстремизмнің радикалды және агрессивті қадамдарды жасауынан туындайтын құбылыс деп бағалау керек.

Мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс пен әлеуметтік-саяси қайшылықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, көші-қонда тиімді бақылаудың жоқтығы, есірткі бизнесі, қару-жарақ саудасы, контрабанда мен адам саудасы сияқты қылмыстармен күресте құқық қорғау органдарының әлсіздігі, тұрғындарда болашаққа деген сенімсіздікпен қарайтын психологиялық ауа-райының қалыптасуы мен ортақ идеологияның жоқтығынан қоғамның шашырауы нәтижесінде экстремизм сынды қоғам тарапынан қабылдауға жатпайтын идеяның тууына әкеледі.

Осылайша бізде авторлардың еңбектеріндегі экстремизмнің шекті әрекеттерге бару арқылы нәтижесі ретінде терроризмді қарастыру керектігі жайлы ойларымен келісіп, Қазақстан Республикасының «экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» заңына экстремизм анықтамасы бойынша өзгерістер енгізудің қажет екендігіне келеміз.

Нәтижесінде біз өз тарапымыздан экстремизм мәселесі бойынша ой түйіндеп, келесідей ұсыныстарды енгізбекпіз:

Біріншіден заңда көрсетілген экстремизм терминіне нақты әрі мағынасын толыққанды ашатын анықтама бермекпіз.

Экстремизм – қоғамда қалыптасып қалған әлеуметтік мәселеден, экономикалық саладан, саясаттың тұрақсыздығынан және өзге де себептен туындаған әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге де жағдайды қайта тұрғызу талпынысымен шеткі көзқарас пен шараны ұстануға итермелейтін идеологиялық құбылыс.

Экстремистік бағыттағы қылмыстар – қандай да бір экстремистік идеологияға деген наным-сенімнің арқасында экстремизмнің діни, саяси, ұлттық, экологиялық, әскери жә-

не т.б. бағыттары бойынша жеке немесе заңды тұлғаның экстремистік ұйым, топ атынан немесе өзі жеке дара әрекеттерді жасауын айтамыз.

Бұл қылмыстарға келесілерді жатқызады:

– Ұлттық, этностық, нәсілдік, топтың мүшелерін өлтіру, денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру немесе топ мүшелерін толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттері;

– Өсімдіктер әлемін немесе жануарлар дүниесін жаппай жоюға, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау мен экологиялық зілзаланы тудыру әрекеттері;

– Шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу әрекеттері;

– Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау әрекеттері;

– Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру әрекеттері;

– Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту әрекеттері;

– Қазақстан Республикасының біртұтастығы мен тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды не мемлекетті ыдыратуды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты осындай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату әрекеттері;

– Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын құлату немесе өзгерту не оның біртұтастығы мен тұтастығын, сондай-ақ оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзу, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру мақсатында қарулы бүлік ұйымдастыру әрекеттері;

– Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатында адамдарды жаппай қырып-жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, кәсіпорындарды, құрылыстарды, қатынас жолдары мен құралдарын, байланыс құралдарын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қиратуға немесе бүлдіруге бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де әрекеттер жасау, сол сияқты осы мақсаттарда жаппай улау немесе эпидемиялар мен эпизотиялар тарату әрекеттері;

– Билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына

байланысты қорлау, билік өкілінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты оған немесе оның жақындарына қатысты өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру әрекеттерін жатқызамыз.

Екіншіден ғылымда белгілі экстремизм феноменінің түрлерін жинақтай келе біздің ұсынымда келесідей түрлерге бөлінуі тиіс:

– **ұлттық** – өз нәсілінің, ұлтының, руының немесе тайпасының сол аумақта қоғамның барлық қарым-қатынастарында доминантты болуына күш салуы, яғни бір нәсілдің, ұлттың, рудың немесе тайпаның басқа нәсілдерге, ұлттарға, руларға немесе тайпаларға қарсы өшпенділік таныту, зорлық-зомбылық жасау арқылы қысым көрсету.

– **діни** – дінге құлшылық етуде радикалды сенімді ұстанушылардың өз дінінің басқа діндерден үстем болуы үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асыру, яғни басқа діннің өкілдеріне өш-

пенділік танытып, зорлық-зомбылық жасау арқылы қысым көрсету, дінсіздерге өз діни идеологиясын мәжбүрлеп дәріптеу.

– **саяси** – қалыптасқан мемлекеттегі конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, егемендігі мен аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзу арқылы өз алдына бөлек жаңа мемлекетті құру немесе мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен ұстап тұру, заңсыз әскерилендірілген құрылым құру мен қарулы бүлік ұйымдастыру арқылы белгілеген аумаққа автономия мәртебесін алу. Сепаратизм немесе сепаратистік әрекеттер.

– **экологиялық** – экологиялық апаттар жасау немесе белгілі-бір табиғат жүйесінің құрамындағы белгілі-бір түрін жою мақсатында, өсімдік немесе жануар әлемінің белгілі бір түрлерін жою, жер немесе су ресурстарына зақым келтіру деп бес түріне бөліп қарастырамыз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдау. [электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты. URL:www.akorda.kz (жүгіну мерзімі: 18.06.2015).
- 2 «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңы. [электрондық ресурс] // URL:adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 14.06.2015).
- 3 Скаков А.Б. Правовые, криминологические и организационные основы предупреждения преступности террористической и экстремистской направленности в Республике Казахстан // «Противодействие терроризму и религиозному экстремизму в условиях глобализации»: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2014. – 63-67 бб.
- 4 Дарменов А.Д. Предупреждение экстремизма в условиях глобализации: оқу құралы. – Алматы: ҒЗЖРБЖҰБ, 2008. – 310 б.
- 5 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – 4-ші бас., қос. – М.: Азбуковник, 1999. – 944 б.
- 6 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- 7 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 8 Словарь иностранных слов. – Ростов н/Д: Феникс, 2001. – 800 б.
- 9 «Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасының үкіметінің 2002 жылғы 4 қаңтардағы №3 қаулысы. [электрондық ресурс] // URL:adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483(жүгіну мерзімі: 14.06.2015).
- 10 Устинов В. Экстремизм и терроризм. Проблемы разграничения и классификации // Российская юстиция. – 2002. – №5.
- 11 Кикотя В.Я., Эриашвили Н.Д. Терроризм: борьба и проблемы противодействия: жоо-ның заң саласының студенттеріне арналған оқу құралы. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2004. – 592 б.
- 12 Абдиров Н.М. О некоторых проблемах законодательного регулирования деятельности религиозных объединений в Казахстане // Предупреждение проявлений экстремизма в странах Центральной Азии: Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Алматы: Институт национальных исследований, Институт по освещению войны и мира. Ф.Эберт атынд.қор, 2004. – 106 б.
- 13 Тукумов Е. Экстремизм: природа, содержание, причины // Мысль. – 203. – №10. – Б. 20-25.
- 14 Шпекбаев А.Ж. Проблемы взаимодействия органов внутренних дел стран Центральной Азии в борьбе с организованной преступностью и экстремизмом (терроризмом): Оқу құралы. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясы ҒЗЖРБЖҰҚБ, 2005. – 166 б.
- 15 Дикаев С.У., Турецкий Н.Н. Терроризм: понятие и классификация: Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 96 б.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A. Nazarbaevtyн «Kazakstan-2050» Strategijasy kalypaskan memleketin zhana sajasi bagyty» atty Kazakstan halkyna zholdau. [jelektronдық resurs] // Kazakstan Respublikasy prezidentinin resmi sajty. URL:www.akorda.kz (zhuginu merzimi: 18.06.2015).
- 2 «Jekstremizmge karsy is kimyl turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylygy 18 akpandagy № 31-III Zany. [jelektronдық resurs] // URL:adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (zhuginu merzimi: 14.06.2015).
- 3 Skakov A.B. Pravovyе, kriminologicheskie i organizacionnye osnovy preduprezhdenija prestupnosti terroristicheskoj i jekstremistkoj napravlenosti v Respublike Kazahstan // «Protivodejstvie terrorizmu i religioznomu jekstremizmu v uslovijah globalizacii»: materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Almaty, 2014. – 63-67 bb.
- 4 Darmenov A.D. Preduprezhdenie jekstremizma v uslovijah globalizacii: Oku kuraly. – Almaty: GZzhRBZhUB, 2008. – 310 b.
- 5 Ozhegov S.I., Shvedova N.Ju. Tolkovyj slovar' ruskogo jazyka. – 4-shi bas., kos. – M.: Azbukovnik, 1999. – 944 b.
- 6 Sajasi tusindirme sozdik. – Almaty, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- 7 Islam. Jenciklopedijalyk anyktamalyk. – Almaty: «Aruna Ltd.» ZhShS, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 8 Slovar' inostrannyh slov. – Rostov n/D: Feniks, 2001. – 800 b.
- 9 «Terrorshyldykka, separatizmge zhane jekstremizmge karsy kures turaly Shanhaj konvencijasyn bekitu turaly» zanyнын zhobasy turaly Kazakstan Respublikasynyn ukimetinin 2002 zhylygy 4 kantardagy №3 kaulysy. [jelektronдық resurs] // URL:adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483(zhuginu merzimi: 14.06.2015).
- 10 Ustinov V. Jekstremizm i terrorizm. Problemy razgranichenija i klassifikacii // Rossijskaja justicija. – 2002. – №5.
- 11 Kikotja V.Ja., Jeriashvili N.D. Terrorizm: bor'ba i problemy protivodejstvija: zhoo-nyн zan salasynyn studentterine arналgan oku kuraly. – M.: JuNITI-DANA, Zakon i pravo, 2004. – 592 b.
- 12 Abdirov N.M. O nekotoryh problemah zakonodatel'nogo regulirovanija dejatel'nosti religioznyh ob'edinenij v Kazahstane // Preduprezhdenie projavlenij jekstremizma v stranah Central'noj Azii: Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Almaty: Institut nacional'nyh issledovanij, Institut po osveshheniju vojny i mira. F.Jebertatynd.kor, 2004. – 106 b.
- 13 Tukumov E. Jekstremizm: priroda, sodержanie, prichiny // Mysl'. – 203. – №10. – B. 20-25.
- 14 Shpekbaev A.Zh. Problemy vzaimodejstvija organov vnutrennih del stran Central'noj azii v bor'be s organizovannoj pres-tupnost'ju i jekstremizmom (terrorizmom): Oku kuraly. – Almaty: Kazakstan Respublikasy IIM AkademijasyGZzhRBZhUKB, 2005. – 166 b.
- 15 Dikaev S.U., Tureckij N.N. Terrorizm: ponjatие i klassifikacija: Oku kuraly. – Almaty, 2005. – 96 b.